

Балабақшадағы №1, №2, №3 өндірістік кеңес жоспары

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 Өндірістік кеңес отырысы: Күн тәртібі: 1. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы 2. Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы 3. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру. 4. Қысқы жұмысқа дайындық 5. Әртүрлі мәселелер.	Қазан	Менгеруші Әдіскер, тәрбиешілер
2	№2 Өндірістік кеңес отырысы: Күн тәртібі: 1. №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. 2. Жалпы бақылау қорытындысы: Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру. 3. Жедел бақылау қорытындысы: Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу 4. Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру бойынша ағымдық бақылау қорытындысы 5. Ағымдағы мәселелер	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
3	№3 Өндірістік кеңес отырысы: Күн тәртібі: 1. №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. 2. Жедел бақылау қорытындысы: «Шынықтыру рәсімдерін сәуір өткізу. Тазалық жағдайы. Желдету тәртібінің орындалуы» . 3. Ағымдағы мәселелер	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер

Орындаған әдіскер:  Ж.Ескараева

**Өндірістік жиналыс
хаттамасы №1
Күні: 2 қазан 2023 жыл**

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Самұрық» балабақшасы" ЖШС

Жиналыс төрайымы: Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы: П.Жунисова

Қатысты: 15

Қатыспады: 1

Күн тәртібі:

1. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы
2. Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы
3. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
4. Қысқы жұмысқа дайындық.
5. Әртүрлі мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: Балабақша медбикесі Ф.Өмірзақ мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибеиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да балабақшаға қабылданған 32 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. 6 педагог, 13 техникалық қызметкерлер өтті.-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Санитарлық ереже талаптарын орындау деңгейі қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтау, балабақшада жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Балабақшаның жұмыс уақыты 7.30-дан басталады. Балаларды қабылдау сағат 7.30-дан 8.00-ге дейін жүзеге асырылады, баланы балабақшада 10,5 сағат болады. Балабақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті. Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын

ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыс та, тазалық та, сыйластық та болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ішкі еңбек тәртіп ережесі қатаң сақталсын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойдырылып алынды. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жұмыс барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері басшылыққа алынсын.

ІV. ТЫҢДАЛДЫ: Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы.

СӨЙЛЕДІ: Шаруашылық меңгерушісі Ф.Өмірзақ күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең екенін, барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталғанын айтты. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды.

Балабақшада қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабылып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Балабақшадағы жылу батареялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Қысқы маусымға дайындық жұмыстары қанағаттанарлық.

V. ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және қыркүйек айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:


1. Балабақшадағы жылдық жоспарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізілсін.
3. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:



Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы:



Ж.Ескараева

**Өндірістік жиналыс
хаттамасы №2
Күні: 18 қаңтар 2024 жыл**

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Самұрық» балабақшасы" ЖШС

Жиналыс төрайымы: Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы: П.Жунисова

Қатысты: 16

Қатыспады: 2

Күн тәртібі:

№2 өндірістік жиналыс		
1. №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	Қаңтар	Менгеруші
2. Жедел бақылау қорытындысы: Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру		Әдіскер
3. Жедел бақылау қорытындысы: Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу		Әдіскер
4. Топтардағы тамақтануды ұйымдастырубойынша ағымдық бақылау қорытындысы:		Медбике
5. Ағымдағы мәселелер.		Менгеруші

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: Балабақша меңгерушісі 2023-2024 оқу жылындағы міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, менгеруші тарапынан бақылауға алынды. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынған. Топтардағы заттық-дамытушы орта толықтырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықтаған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру» жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асырудың талаптарына сәйкес мекеме топтарында режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу бойынша алдын алу ағымдағы бақылау іс-шаралары өткізілді. Бақылаудың мақсаты санитарлық ережелер мен нормативтердің талаптарына, негізгі білім беру бағдарламасының мазмұнына, үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыруға сәйкес режимдік сәттерді, ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыруда және өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету болатын. Тәрбиешілер күн тәртібіне қанағаттанарлық түрде құрды, әр түрлі іс - әрекеттерді ақылға қонымды түрде ауыстырып, режимдік сәттердің тәрбиешілерімен байланыста жұмыс істеуге тырысады; күн сайын жұмыс жоспарлары бойынша әңгімелер өткізеді. Тексеру барысында мыналар білім беру процесін ұйымдастыру іске асырылып жатқан үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Ағымдағы алдын алу бақылауын жүргізу кезінде педагогтер осы жас тобының күнделікті режиміне сәйкес режимдік сәттерді жүзеге асыратыны анықталды. Күннің екінші жартысындағы барлық режимдік процестер бірінен соң бірі жүреді, логикалық түрде өзара байланысты және келесіге өту үшін тәрбиешілер алдыңғы (серуендеуге кіну үшін ойыншықтарды жинау, тамақтанар

алдында колды жуу) іс-әрекетті өткізеді. Бала мұны не үшін жасау керектігін түсіне бастағанда, оған күнделікті өмірге үйрену оңайырақ болады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, топтардың тәрбиешілері жұмысты ұйымдастыруда, балалармен режимдік сәттерді орындауда интегративті тәсілді, іс-әрекеттің интроспекциясын ескере отырып, күн тәртібін ұстанады. Ескертулер жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру» жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу» жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: менгеруші Г.Саухимова балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес 2024 жылдың қаңтарында жедел бақылау жүргізілді. Топтарда ата-аналардың бұрыштары безендірілген. Бұрыштарда балабақша мен топтың жұмысы туралы ақпарат (топ күнінің режимі, ата - аналарға арналған ережелер, балаларды тәрбиелеу және оқыту, сауықтыру мәселелері бойынша өзекті ақпарат, топ жаналықтары) ата-аналар бұрыштарында ұсынылған материал нақты сипатқа не, қол жетімді, көлемі жағынан ұтымды. Жүйе ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыштарды жанартады. Барлық топтарда стендтерде осы жас тобының бағдарламасы бойынша ата-аналарға арналған апта тақырыбы мен ұсынымдар орналастырылды, тексеру кезінде барлық топтарда баланың құқықтары бойынша жылжымалы папкалар, ата-аналарға арналған «Баланы қалай жазалауға болмайды?» жадынамалары ресімделген. Жедел тексеру көрсеткендей, тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмыс жүйесі, тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасы жеткілікті деңгейде жүреді, бұл жанжалды жағдайлардың болмауы туралы айтады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ата-аналармен жұмысты жандандыру мәселесі бойынша балабақшаның педагогикалық ұжымының жұмысы жоспарлы, мақсатты, жүйелі түрде жүргізілуде. Өрескел бұзушылықтар анықталған жоқ. Ата-аналармен қарым-қатынаста тәрбиешілер жұмыстың әртүрлі әдістерін, әдістері мен формаларын қолданады. Дегенмен, ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес түрлерін және ата-аналар жиналыстарын өткізудің дәстүрлі емес түрлерін кеңінен қолдану қажет. Жоспарлау кезінде ата-аналармен жұмыс формаларын әртараптандыру.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру бойынша ағымдық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Балабақша медбикесі Ф.Өмірзақ жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында «Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру» бойынша ағымдық бақылау өткізілгенін айтты. Балабақшадағы балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру әр жас тобының күн тәртібін қатаң орындауға сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбиешілер топтарда балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәрбиешінің басшылығымен жүзеге асырылатынын түсінеді:

- тамақ дайындау және тамақтану кезінде қауіпсіз жағдай жасауда;
- балалар тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда және дұрыс салынған тамақтану балалардың пайдалы әдеттерін қалыптастыратынын, тамақтану мәдениетінің негізін қалайтынын біледі. Сондықтан барлық жас топтарында тәрбиешілер тамақтануды ұйымдастыруға және орта топтан бастап асхана бойынша кезекшілікті жүзеге асыруға жағдай жасады.

Барлық топтардың тәрбиешілері балаларды тамақтандыру кезінде басшылықты жүзеге асырады: балалардың қалпын, балалардың дастархан басындағы мінез-құлқын, ас құралдарын дұрыс пайдалануын қадағалайды, дәмді дайындалған тағамға назар аударады, жеке тәсілді жүзеге асырады. Барлық жастағы топтардың балаларында тамақтану дағдылары қалыптасады: балалар тамақты бірте-бірте қабылдайтынын, жақсы

шайнайтынын, тамактану кезінде сөйлесе алмайтынын, ұқыпты тамактанатынын, ұсақтамайтынын біледі. Барлық балалар ас құралдарын, майлықтарды пайдаланады, тамақ үшін алғыс айтады, ересектерге өтініш жасайды, - деді.

Ү ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын.
2. Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру жұмыстары бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Г.Саухимова

П.Жунисова

**Өндірістік жиналыс
хаттамасы №3
Күні: 11 сәуір 2024 жыл**

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Самұрық» балабақшасы» ЖШС

Жиналыс төрайымы: Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы: П.Жунисова

Күн тәртібі:

- | | |
|--|------------------|
| 1. №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. | Менгеруші |
| 2. Жедел бақылау қорытындысы. «Шынықтыру рәсімдерін өткізу. Тазалық жағдайы. Желдету тәртібінің орындалуы» | Сәуір
Әдіскер |
| 3. Ағымдағы мәселелер. | Менгеруші |

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: Балабақша менгерушісі Г.Саухимова күн тәртібін сақтау, күннің бірінші және екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру жұмыстары бақылауға алынып, ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жедел бақылау қорытындысы. «Шынықтыру рәсімдерін өткізу. Тазалық жағдайы. Желдету тәртібінің орындалуы»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. 2023-2024 жылдарға арналған жылдық жоспардың міндеттерін орындау мақсатында 2024 жылдың 09.04-10.04 аралығында жедел бақылау жүргізілді. Тексеру барысында барлық жас топтарында балалардың киімдері топтағы ауа температурасына сәйкес келеді. Ауаның балғындығына тәрбиеші немесе тәрбиешінің көмекшісі балалар болмаған кезде өткізетін желдету арқылы қол жеткізіледі: таңертең балалар келгенге дейін, балалар серуеннен келгенге дейін, күндізгі ұйқы кезінде, кешке балалар үйге кеткеннен кейін. Температуралық режимді бақылау үшін барлық топтарда термометрлер бар. Балалар күндізгі ұйқыдан кейін өтетін "Денсаулық жолдары" оларға тығын, түймелер, таяқшалар тігілген кілемшелермен ұсынылған. Шынықтыру іс-шаралары тәрбие - білім беру жұмысының негізін құрайды, оның мақсаты-сырқаттанушылықты азайту және тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту керек. Тәрбиешілерге шынықтыру іс-шаралары кезінде балаларды мұқият қадағалауды жүзеге асыру, шынықтыру іс-шараларын жүргізу кезінде шынығудың пайдасы туралы шағын әңгімелер ұйымдастыру (ересек топтар), -деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: менгеруші Г.Саухимова әрбір қызметкерлер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және алдағы айларда болатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің жұмысы күшейтілсін.

Жиналыс төрайымы:



Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы:

П.Жунисова